

## Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан N 89-II

Қазақстан Республикасы Женевада 1979 жылғы 30 қарашада жасалған Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылсын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

### Ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануы туралы КОНВЕНЦИЯ

(2001 жылғы 11 сәуірде күшіне енді - КР СІМ-нің ресми сайты)

Осы Конвенцияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы байланыстар мен ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету шешімін мақсат тұтқан тараптары,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Европалық экономикалық комиссиясы қызметінің осындай байланыстар мен ынтымақтастықтарды, атап айтқанда ауаны ластаушылардың алыс қашықтықтарға көшірілуін қоса алғанда, ауаның ластануына қарсы қурес саласында, нығайту үшін маңыздылығын түсіне отырып,

Европалық экономикалық комиссияның Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Қорытынды кесімінің тиісті ережелерін көпжақты жүзеге асырударғы үлесін мойындағы отырып,

Европалық экономикалық комиссияның Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Қорытынды кесімінің, ауаны ластануы алыс қашықтықтарға көшірілуін қоса алғанда, ауаның ластаушылар мен оның зардалтарына қарсы қурес саласындағы ынтымақтастыққа, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық жолымен мониторингтің кең бағдарламасын әзірлеуге және кейіннен басқа да ластаушыларды мүмкін болатын қамту арқылы күкірттің қос totығынан бастап ауаны ластаушылардың алыс қашықтықтарға көшірілуін бағалауға шақыруды қамтитын қоршаған ортаға қатысты тарауының ережесін ескере отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының адамды қоршаған ортаның проблемалары жөніндегі Конференциясы Қарапаралының тиісті ережелерін, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысы мен халықаралық құқықтың қағидаттарына сәйкес мемлекеттің қоршаған орта саласындағы өз саясатына сәйкес өзінің меншік ресурстарын әзірлеуге егеменді құқығы бар екендігі және олардың юрисдикциясының немесе бақылауының шеңберіндегі қызмет ұлттық юрисдикцияның қолданылуынан тысқары басқа

мемлекеттердің немесе аудандардың қоршаған ортасына залал келтірмеуін қамтамасыз  
ету үшін жауапкершілікте болатындығы туралы ортақ сенімділік білдірілетін 21  
қағидатты

назарға

ала

отырып,

қысқа мерзімдік те және ұзақ мерзімдік жоспарда да мүмкін болатын жағымсыз  
зардаптардың - ауаның шекарааралық ластануын қоса алғанда, ауаның ластануының  
бар

екендігін

мойндай

отырып,

болжамдар бойынша аймақтағы ауаны ластаушылардың қалдығы деңгейінің артуы  
мұндай жағымсыз зардаптарды ушықтыра түсетіндігі жөнінде алаңдаушылық білдіре  
отырып,

ауаны ластаушыларды алыс қашықтықтарға көшірудің зардаптарын зерделеу  
қажеттілігі мен анықталған проблемаларды шешуді іздестірулердің қажеттігін  
мойндай

отырып,

тиісті ұлттық іс-шараларды әзірлеу мақсатында белсенді халықаралық  
ынтымақтастықты күшетуге және ақпараттар алмасу, консультациялар,  
ғылыми-зерттеу қызметі және мониторинг арқылы ауаның алыс қашықтықтарға  
шекарааралық ластануын қоса алғанда, ауаның ластануына Қарсы курес жөніндегі  
ұлттық шараларды үйлестіруге өздерінің дайын екендігін растай отырып,  
мына төмендегілер туралы келісті:

## АЙҚЫНДАУ

### 1-бап

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

a) "ауаның ластануы" адамдардың денсаулығына қауіп төндіру, тірі ресурстарға,  
экологиялық жүйелерге және материалдық құндылықтарға зиян келтіру, сондай-ақ  
ландшафтың құндылықтарына залал келтіру немесе қоршаған ортаны пайдаланудың  
басқа да занды түрлеріне кедергі жасау сияқты сипаттағы зиянды зардаптарға әкеп  
соқтыратын адамның қоршаған ауаға заттарды немесе энергияны тікелей немесе  
жанама енгізуін білдіреді; "ауаны ластаушылар" айқындалымы тиісті тұрғыда ұғылады;

b) "ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануы" физикалық көзі бір  
мемлекеттің ұлттық юрисдикциясындағы аумақтың шегінде толық немесе ішінара  
орналасқан және кері әсері басқа мемлекеттің юрисдикциясындағы аумақта заттар  
қалдығының жекелеген көздерінің немесе көздер топтарының үлесін тұластай алғанда  
айқындау мүмкін болмайтын қашықтықта байқалатын ауаның ластануын білдіреді.

## НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТТАР

## **2-бап**

Уағдаласуши Тараптар тиісті фактілер мен проблемаларды лайықты түрде ескере отырып, адам мен оны қоршаған ортаны ауаның ластануынан қорғауға бел буғандығын білдіреді және оның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануын қоса алғанда, ауаның ластануын шектеуге және мүмкіндігіне қарай бірте-бірте азайтуға және болғызыбауға ұмтылатын болады.

## **3-бап**

Уағдаласуши Тараптар осы Конвенцияның шеңберінде ақпараттар алмасу, консультациялар, ғылыми-зерттеу қызметі және мониторинг арқылы ұлттық және халықаралық денгейлерде ұсынылып отырған күш-жігерді назарға ала отырып, ауаны ластаушылардың қалдықтарына қарсы қарес құралы ретінде мүмкіндігінше жеделірек саясат пен стратегияны өзірлейді.

## **4-бап**

Уағдаласуши Тараптар мүмкіндігіне қарай жағымсыз нәтижесі болуы мүмкін ауаны ластаушылардың қалдықтарына қарсы күреске бағытталған ақпараттар алмасады және өздерінің саясатын, ғылыми қызметті және техникалық шараларын қарайды да, осылайша ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануын қоса алғанда, ауаның ластануын азайтуға ықпал етеді.

## **5-бап**

Тиісті талап бойынша бір жағынан ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануының қолайсыз зардаптары іс жүзінде таралған немесе мұндай зардаптарды әкелетін айтарлықтай қауіп-қатерге ұшыраған Уағдаласуши Тараптардың және екінші жағынан өздерінің шегінде және юрисдикциясында олардың жүзеге асыратын немесе көзделіп отырған қызметіне байланысты ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануының айтарлықтай үлесі пайда болған немесе пайда болуы мүмкін Уағдаласуши Тараптардың арасында алдыңғы сатысында консультациялар жүргізіледі.

## **АУАНЫҢ САПАСЫН РЕТТЕУ**

## **6-бап**

2-5-баптарды, жүргізіліп отырған зерттеулерді, ақпараттар алмасу мен мониторингті және олардың нәтижелерін, жергілікті және басқа да шаралардың құны

мен тиімділігін назарға ала отырып және атап айтқанда жаңа немесе қайта жаңартылған кәсіпорындарға байланысты болатын ауаның ластануына қарсы күресу мақсатында Ұағдаласуыш Тараптар ауаның сапасын реттеу жүйесі мен оның құрамдас бөлігі ретінде - оның ластануына қарсы күрес жөніндегі шараларды қоса алғанда, атап айтқанда, қолда бар және экономикалық жағынан қолданымды ең үздік технологиялар мен қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды пайдалану жолымен тепе-теңестірілген дамумен қабысатын ең үздік саясат пен стратегияны әзірлеуге міндеттенеді.

## **ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУЛЕР**

### **7-бап**

Ұағдаласуыш Тараптар өздерінің сұраныстарына сүйене отырып, мынадай мәселелер :

- a) техникалық-экономикалық негізdemесі мен қоршаған орта үшін зардабын қоса алғанда, күкірттің қоспалары мен басқа да ауаны негізгі ластаушылардың қалдықтарын қысқартудың қолда бар және ұсынылатын технологиясы;
- b) ауаны ластаушылардың атмосферадағы қалдықтары мен олардың шоғырлануының деңгейлерін байқау және өлшеу аппаратуралары мен басқа да құралдары ;
- c) ауаны ластаушылардың алыс қашықтықтарға шекарааралық көшірілуін ұғынуды жақсартуға арналған үлгілерін жетілдіру;
- d) қоршаған ортаны қорғау мақсатында доза/әсер арақатынасын белгілеу үшін ғылыми негіз құруды назарға ала отырып, күкірттің қосындылары мен басқа да ауаны негізгі ластаушылардың адамдардың денсаулығы мен ауыл шаруашылығын, орман шаруашылығын, материалдарды, су және басқа да табиғи экологиялық жүйелерді және көрінуді қоса алғанда қоршаған ортаға әсері;
- e) ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануын қысқартуды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге арналған балама шараларды экономикалық-әлеуметтік және экологиялық бағалау;
- f) күкірт қосындысы мен басқа да ауаны негізгі ластаушылардың экологиялық аспекттілеріне байланысты кадрларды оқыту мен даярлау бағдарламалары бойынша зерттеулер және/немесе әзірленімдер жүргізуге кіріседі және осыларды жүргізген кезде ынтымақтасатын болады.

## **АҚПАРАТ АЛМАСУ**

## **8-бап**

10-бапта айтылатын Атқарушы органның шеңберінде және екіжақты негізде Уағдаласуши Тараптар өздерінің ортақ мұдделерінің негізінде мына мәселелер:

а) уақыттың келісуге жататын кезендерінде келісілген мөлшерлердің торламасы бойынша айтылған ауаны ластаушылардың қалдықтары туралы деректер немесе ұлттық шекаралардың кесінділері арқылы және келісуге жататын кезендерде күкірттің қос totығынан бастап санағанда айтылған ауаны ластаушылардың ағындары туралы деректер;

б) ұлттық саясаттағы және жалпы өнеркәсіптік дамудағы негізгі өзгерістер, сондай-ақ ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануына айтарлықтай өзгерістер әкеле алатын олардың ықтимал зардаптары;

с) ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануына қатысы бар ауаның ластануына азайтуға арналған техника мен технология;

д) күкірттің қосындысы мен басқа да ауаны негізгі ластаушылардың қалдықтарына қарсы күреске арналған ұлттық масштабтағы ұйғарылып отырған шығыстар;

е) көшу барысында болатын процестерге қатысты метеорологиялық және физикалық-химиялық деректер;

ф) ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануының зардаптарына қатысты физикалық-химиялық және биологиялық деректер мен осы деректерге сәйкес ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануына келтірілуі мүмкін зиянның дәрежесі;

г) күкірт қосындылары мен басқа да негізгі ауаны ластаушылардың қалдықтарына қарсы күрес саласындағы ұлттық, субрегионалдық және аймақтық саясат пен стратегия бойынша қолда бар ақпараттармен алмасуды жүзеге асырады.

---

Осы Конвенция мемлекеттің келтірілген залал үшін жауапкершілігі туралы ережелерді қамтымайды.

## **АУАНЫ ЛАСТАУШЫЛАРДЫҢ ЕВРОПАДА АЛЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРҒА ТАРАЛУЫНБАЙҚАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ БІРЛЕСКЕН БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕОДАН ӘРІ ДАМЫТУ**

## **9-бап**

Уағдаласуши Тараптар қолда бар "Европада ауаны ластаушылардың ұзақ қашықтықтарға таралуын байқаудың және бағалаудың бірлескен бағдарламасын" (бұдан әрі - ЕМЕП деп аталатын) орындаудың қажеттілігіне және бұл бағдарламаны одан әрі дамытуға қатыстыларға маңызды мән бере отырып:

а) Уағдаласуши Тараптардың бірінші кезеңде құқірттің қос totығы мен одан туындастындардың мониторингіне және оны толық жүзеге асыруға негізделген ЕМЕП-ке қосылудың қажеттілігін;

б) мүмкін болған кезде мониторингке арналған салыстырмалы және стандарттандырылған рәсімдерді пайдаланудың қажеттілігін;

с) мониторинг бағдарламасы ұлттық та және халықаралық та бағдарламалардың жүйесіне негізделуіне ниеттестікті. Мониторинг станциясын құру және деректерді жинау бұл станциялар орналасқан елдердің ұлттық юрисдикциясымен жүзеге асырылады;

д) қолда бар және келешек ұлттық, субаймақтық, аймақтық және басқа да халықаралық бағдарламалардың негізінде және оларды ескере отырып қоршаған ортаның мониторингінің бірлескен бағдарламасының тетігін өзірлеудің қажеттігін;

е) келісуге жататын кезеңдерде келісілген мөлшерлердің торламасы бойынша алаңдарда өндірілетін құқірттің қос totығынан бастап айтылған ауаны ластаушылардың қалдықтары туралы немесе ұлттық шекаралардың кесінділері арқылы және келісуге жататын кезеңдерде айтылған ауаны ластаушылардың ағымдары туралы деректермен алмасудың қажеттігін. Ағымдарды айқындауға арналған ұлғіні қоса алғанда, әдістеме, сондай-ақ келісілген мөлшерлердегі алаңдардан қалдықтардың негізінде ауаны ластаушылардың көшірілуін айқындауға арналған ұлғіні қоса алғанда әдістер мен ұлғілерді жетілдіру мақсатында хабарланады және мерзімді түрде қайта қаралады;

ф) құқірттің қос totығынан бастап келісілген ауаны ластаушылардың жалпы қалдықтары туралы ұлттық деректермен алмасуды жалғастыруға және бұл деректерді мерзімді жаңалауға дайын екендікті;

г) көшіру кезінде болатын процестерге қатысты метеорологиялық және физикалық-химиялық деректерді ұсынудың қажеттілігін;

х) су, топырақ және өсімдіктер сияқты басқа орталардағы химиялық компоненттердің мониторингінің, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға ықпалды тіркеуге арналған мониторингтің осындаи бағдарламасының қажеттігін;

і) бақылау және байқау мақсатында олар жұмыс істей алу үшін ЕМЕП-тің ұлттық желілерін кеңейтудің қажеттілігін атап өтуге келіседі.

## АТҚАРУШЫ ОРГАН

### 10-бап

1. Уағдаласуши Тараптардың өкілдері қоршаған ортаның проблемалары жөніндегі ЕЭК елдерінің үкіметтері аға кеңесшілерінің шеңберінде осы Конвенцияның Атқаруышы органын құрады және осы тұрғыда кемінде жылына бір рет кеңес өткізеді.

- 2 . А т қ а р у ш ы о р г а н :
- а) осы Конвенцияның орындалуын байқайды;
  - б) қажет болған жағдайда осы Конвенцияның орындалуына және дамуына байланысты мәселелерді қарau үшін, осы мақсатта тиісті зерттеулер мен басқа да құжаттамаларды дайындайтын және Атқарушы органның қарауына ұсыныстар ұсынатын жұмыс топтарын құрады;
  - с) осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес талап етуі мүмкін болатын осындай басқа да функцияларды орындаиды.

- 3. Атқарушы орган осы Конвенцияны орындаудың тетігінің ажырамас бөлігі ретінде ЕМЕП-тің басшы органын, атап айтқанда, деректерді жинау мен ғылыми ынтымақтастыққа қатысты пайдаланады.
- 4. Атқарушы орган өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде, ол оны орынды деп санағанда басқа тиісті халықаралық ұйымдардан алынатын ақпаратты да пайдаланады.

## **ХАТШЫЛЫҚ**

### **11-бап**

Европалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысы Атқаруы орган үшін хатшылықтың мынадай функцияларын:

- а) Атқарушы органның кеңестерін шақыруды және дайындауды;
- б) Уағдаласуышы Тараптарға осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес алынған баяндамалар мен басқа да ақпараттарды жолдауды;
- с) Атқарушы орган белгілеген функцияларды орындауды атқарады.

## **КОНВЕНЦИЯҒА ЕҢГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУЛЕР**

### **12-бап**

- 1. Кез келген Уағдаласуышы Тарап осы Конвенцияға түзетулер ұсына алады.
- 2. Ұсынылатын түзетулердің мәтіндері жазбаша нысанда оларды барлық Уағдаласуышы Тараптарға жөнелтетін Европалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысына ұсынылады. Атқарушы орган ұсынылған түзетулерді мұндай түзетулерді Европалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысы ең кем дегенде бұған дейін тоқсан күн бұрын Уағдаласуышы Тараптарға жіберу шартымен өзінің келесі жыл сайынғы кеңесінде талқылайды.
- 3. Осы Конвенцияларға түзету Уағдаласуышы Тараптардың өкілдері бетуаластығының негізінде қабылданады және оны қабылдаған Уағдаласуышы Тараптар үшін Уағдаласуышы Тараптардың үштен екісінің өздерінің қабылдау туралы құжаттарын

депозитарийге сақтауға тапсырған күннен кейінгі тоқсанынышы күні күшіне енеді. Кейіннен бұл түзету осы Ұағдаласуши Тарап аталған түзетуді қабылдау туралы өзінің құжатын сақтауға тапсырғаннан кейінгі тоқсанынышы күні кез келген басқа Ұағдаласуши Тараптар үшін күшіне енеді.

## **ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ**

### **13-бап**

Осы Конвенцияның екі немесе бірнеше Ұағдаласуши Тараптарының арасында Конвенцияның түсіндірілуіне немесе қолданылуына қатысты дау пайда болған кезде олар келіссөздер жолымен немесе дауларды реттеудің даудағы Тараптар үшін қолданымды басқа да әдісімен шешім іздейді.

## **ҚОЛ ҚОЮ**

### **14-бап**

1. Осы Конвенция Европалық экономикалық комиссияға мүше елдердің, сондай-ақ Экономикалық және Әлеуметтік кеңестің 1947 жылғы 28 наурыздағы 36 (IV)-қарапының 8-тармағына сәйкес Европалық экономикалық комиссияның жанындағы консультативтік мәртебесі бар мемлекеттердің және Европалық экономикалық комиссияға мүше егемен мемлекеттер құрған және осы Конвенцияда қамтылатын мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге, халықаралық келісімдер жасасуға және қолдануға қатысты құзыретке ие аймақтық экономикалық интеграциялық ұйымдардың Европалық экономикалық комиссияның шенберінде қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоғары деңгейде кеңес өткізуіне байланысты 1979 жылдың 13-16 қарашасында Женевада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесінде қол қою үшін ашық болды.

2. Мұндай аймақтық экономикалық интеграциялық ұйымдар өзінің құзыретіне кіретін мәселелерде жеке өзінің атынан осы Конвенцияда мүше мемлекеттер үшін белгіленген құқықтарды пайдаланады және сондайміндеттерді орындайды. Мұндай жағдайларда бұл ұйымдарға мүше мемлекеттер мұндай құқықтарды жеке түрде пайдаланбайды.

## **РАТИФИКАЦИЯЛАУ, ҚАБЫЛДАУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ ҚОСЫЛУ**

### **15-бап**

1. Осы Конвенция ратификациялауға, қабылдауға немесе бекітуге жатады.
2. Осы Конвенция 1979 жылдың 17 қарашасынан бастап 14-баптың 1-тармағында атальған мемлекеттер мен ұйымдардың қосылуы үшін ашық.
3. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттар депозитарийдің функцияларын орындайтын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

## **КҮШНЕ ЕНУІ**

### **16-бап**

1. Осы Конвенция ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы жиырма төртінші құжат сақтауға өткізілген күннен кейінгі тоқсаныншы күні қүшіне енеді .

2. Осы Конвенцияны ратификациялайтын, қабылдайтын немесе бекітетін не ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы жиырма төртінші құжатты сақтауға өткізгеннен кейін оған қосылатын әрбір Уағдаласушы Тарап үшін Конвенция мұндай Уағдаласушы Тарап ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы өзінің құжатын сақтауға өткізген күннен кейінгі тоқсаныншы күні қүшіне енеді.

## **ШЫҒУ**

### **17-бап**

Осы Конвенция сол немесе өзге де Уағдаласушы Тарапқа қатысты қүшіне енген күннен бастап бес жыл өткеннен кейін кез келген уақытта бұл Уағдаласушы Тарап ол туралы депозитарийға жазбаша хабарлама беру жолымен Конвенциядан шыға алады. Кез келген мұндай Конвенциядан шығу депозитарий хабарламаны алған күннен кейінгі тоқсаныншы күні қүшіне енеді.

## **ТҮПНҰСҚАЛЫҚ МӘТІНДЕР**

### **18-бап**

Осы Конвенцияның ағылшынша, орысша және французша мәтіндері түпнұсқалық болып табылатын түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады .

Осыны куәландырып, лайықты түрде уәкілеттендірілген төменде қол қоюышылар  
осы Конвенцияға қол қойды .

Бір мың тоғыз жұз жетпіс тоғызыншы жылғы отызыншы қарашада Женевада жасалды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК